

**2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша банктік емес  
ұйымдардың ағымдағы жағдайы**

2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша республикада 136 кредиттік серіктестік қызметті жүзеге асыруда, жұмыс істеп отырған кредиттік серіктестіктердің 115-і Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысын жүзеге асыру шеңберінде құрылды; 81 ломбард және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге 55 ұйым, оның ішінде 7 ипотекалық компания жұмыс істейді.

№№	Ұйымның атауы	01.01.2005	01.12.2005
1	Кредиттік серіктестіктер	83	136
2	Ипотекалық компаниялар	3	7
3	Ломбардтар	75	81
4	Басқа ұйымдар	43	48
<b>Жиынтығы</b>		<b>204</b>	<b>272</b>

**Активтер.** 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік серіктестік активтерінің жиынтық мөлшері өткен аймен салыстырғанда 739 млн. теңгеге немесе 2,5%-ке өсіп, 30 914 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар – 86,4 % және банктердегі салымдар – 9,0 % алып отыр, банкаралық кредиттердің және бағалы қағаздар портфелінің үлесі елеусіз болды.

Ипотекалық компаниялардың жиынтық активтері бір айда 5 654 млн теңгеге немесе 8,5%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 71 961 млн. теңге болды. Ипотекалық компаниялар активтерінің құрылымында үлкен үлесті заңды және жеке тұлғалардың заемдары (89,6 %) алып отыр.

(млн. теңге)

№№	Атауы Наименование	01.01.2005	01.12.2005	
		Активтер	Активтер	Өсімі (%)
		Активы	Активы	Прирост (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	10 219	30 914	202,5
2	Ипотекалық компаниялар	39 005	71 961	84,5
3	Ломбардтар*	6 716	*	*
4	Басқа ұйымдар**	96 593	774 715**	в 8 раз**

**Кредиттік портфель.** 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік серіктестіктердің кредиттік портфелі құрылымында елеулі орынды стандартты кредиттер алып отыр, олардың үлесі 87,8% болды. Соңғы айда кредиттік серіктестіктердің стандартты кредиттерінің үлесі өсті. (87,5%-тен 87,8%-ке дейін). Сонымен бірге, күмәнді кредиттердің үлесі 12,4%-тен 12,1%-ке дейін азайып, соңғы айда үмітсіз кредиттер үлесі өзгерген жоқ - 0,1% болды.

Ипотекалық компаниялар бойынша стандартты кредиттердің үлес салмағы 98,46%, күмәнді - 1,26%, үмітсіздер - 0,28% болды. Ипотекалық компаниялардың кредиттік портфелі өткен есепті күнгі жағдай бойынша мына жағдайда көрінді: мұнда стандартты кредиттердің үлесі 98,16%, күмәнді- 1,58%, үмітсіз - 0,26% болды.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2005	01.12.2005	
		Заемдар	Заемдар	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	8 367	27 011	в 3,2 раз
2	Ипотекалық компаниялар	35 307	64 489	82,7
3	Ломбардтар*	2 930	*	*
4	Басқа ұйымдар**	50 252	108 541**	116,0**

Жылдың өткен айында кредиттік серіктестіктердің жиынтық **міндеттемелерінің** жалпы сомасы 895 млн. теңгеге немесе 6,7%-ке азайып, 2005 жылғы 1 желтоқсанда 12 974 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік міндеттемелерінің ең көп бөлігін алынған заемдар – 92,2% құрайды, 2005 жылғы 1 қарашада олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі 93,7% болды.

Ипотекалық компаниялар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері бір айда 5 353 млн. теңгеге немесе 10,0%-ке өсті және 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 58 975 млн. теңге болды. Бұл ретте ипотекалық компаниялардың міндеттемелер құрылымында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар (78,8%-ке) және басқа банктерден алынған заемдар (19,1%-ке) басым болғанын атап өткен жөн.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2005		01.12.2005	
		Міндеттемелер	Міндеттемелер	Міндеттемелер	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	5 746	12 974	125,8	
2	Ипотекалық компаниялар	34 139	58 975	72,8	
3	Ломбардтар*	2 566	*	*	
4	Басқа ұйымдар**	73 879	190 965**	158,5**	

**Капитал.** Кредиттік серіктестіктердің балансы бойынша жиынтық меншікті капитал бір айда 1 634 млн. теңгеге немесе 10,0%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 желтоқсанда 17 939 млн теңге болды.

Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы өткен аймен салыстырғанда 301 млн. теңгеге немесе 2,4%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 желтоқсанда 12 986 млн. теңге болды.

(млн. теңгемен)

№№	Атауы	01.01.2005			01.12.2005		
		Меншікті капитал	Оның ішінде		Меншікті капитал	Оның ішінде	
			Жарғылық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)		Жарғылық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)
1	Кредиттік серіктестіктер	4 473	3 164	183	17 939	15 818	476
2	Ипотекалық компаниялар	4 867	3 770	687	12 986	10 599	1 333
3	Ломбардтар	4 150	4 444	-257	*	*	*
4	Басқа ұйымдар	22 714	17 669	1 325	583 751**	216 523**	7 031**

\* ломбардтар есеп беруді жылдық негізде ұсынады.

\*\* банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есеп беруді тоқсан сайынғы негізде ұсынады.

*Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі даярлады.*